

Ж.Д. Байтелиева* 

Назарбаев Университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

*E-mail: zhbaiteliyeva@nu.edu.kz

МӘДЕНИТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТІЛДІҢ КУМУЛЯТИВТІК ҚЫЗМЕТІ

Аннотация. Тілдің қоғамдағы түрлі қызметі оның зерттеу бағыттарын анықтайтыны белгілі. Осыған байланысты, бұл мақалада соңғы уақытта әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, прагматика, педагогика т.б. ғылым салаларының зерттеу нысанына айналған тілдің кумулятивтік қызметі қарастырылады. Дәлірек айтқанда, тілдік тұлғаның бойында мәденитанымдық құзыреттілікті қалыптастырудағы тілдің кумулятивтік қызметінің рөлі талданады. Неге бұл мәселені талдаймыз? Өйткені тіл үйренушінің, тілдік тұлғаның белгілі бір тілді меңгеру процесінде қиындық турдыратыны осы кумулятивтік қызметі. Әсіресе, көптілді кеңістікте бұл мәселенің өзектілігі күннен күнге артуда. Еліміздегі тілдік кеңістікті ескере отырып, тіл үйренушілердің бойында әр деңгейге сәйкес түрлі құзыреттіліктерді қалыптастыру, оны бақылау, бағалау әрекеттерін де дұрыс жоспарлау, соған сәйкес жүзеге асыру ісі өте маңызды. Сондықтан мұндай маңызды құбылысты тереңірек зерттеу мәселесін мақалаға тірек етіп алынды. Яғни мақалада коммуникативтік және тілдік құзыреттілікті ғана емес, мәденитанымдық құзыреттілікті қалыптастыру үшін тілдің кумулятивтік қызметінің лингвистикалық тұлғаға әсері қарастырылады. Тілдік тұлғаның типтеріне қарай құзыреттіліктері ажыратылатыны белгілі болды. Коммуникативтік құзыреттілікке не жатағыны баршаға түсінікті нәрсе, ал тілдік құзыреттілік – тілді грамматикалық және сөздік жағынан білу мен меңгеру деп ұғынылатын тіл меңгерудің таза лингвистикалық деңгейі.

Тірек сөздер: мәденитанымдық құзыреттілік, кумулятивтік қызмет, тілдік тұлға, қарым-қатынас

Ж.Д. Байтелиева*

Назарбаев Университет, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

*E-mail: zhbaiteliyeva@nu.edu.kz

КУМУЛЯТИВНАЯ ФУНКЦИЯ ЯЗЫКА В ФОРМИРОВАНИИ КУЛЬТУРОВОЕДЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ

Аннотация. Различные функции языка в обществе определяют направление их изучения. В связи с этим в данной статье рассматривается совокупная функция языка, которая в последнее время стала объектом исследований в области социолингвистики, этнолингвистики, лингвокультурологии, прагматики, педагогики и т.д. В частности, анализируется роль кумулятивной функции языка в формировании культурно-познавательных компетенций языковой личности. Почему мы рассматриваем этот вопрос? В конце концов, именно эта кумулятивная функция затрудняет изучение определенного

языка изучающим языка. Особенно в многоязычном пространстве этот вопрос становится все более актуальным. Принимая во внимание языковое пространство страны, очень важно формировать разные компетенции у изучающих язык на разных уровнях, планировать и контролировать их деятельность и соответствующим образом реализовывать ее. Поэтому в нашей статье мы сосредоточимся на вопросе глубокого изучения столь важного явления.

То есть в статье рассматривается влияние кумулятивной функции языка на языковую личность по формированию не только коммуникативно-языковой компетенции, но и культурно-познавательной компетенции. Оказалось, что в зависимости от типов языковой личности различают компетенции. Что относится к коммуникативной компетенции, понятно всем, а языковая компетенция – это чисто лингвистический уровень владения языком, который понимается как знание и владение языком грамматически и словесно.

Ключевые слова: культурологическая компетентность, кумулятивная функция, языковая личность, общение.

Zh. Baiteliyeva*

Nazarbayev University, Nur-Sultan, Kazakhstan

*E-mail: zhbaiteliyeva@nu.edu.kz

THE CUMULATIVE FUNCTION OF LANGUAGE IN THE FORMATION OF CULTURAL COMPETENCE

Abstract. The various functions of language in society determine the direction of their study. In this regard, this article examines the cumulative function of the language, which has recently become the object of research in sociolinguistics, ethno-linguistics, linguistic cultural studies, pragmatics, pedagogics etc. In particular, the role of the cumulative function of language in the formation of cultural competencies of language learners is analyzed. Why are we considering this issue? After all, it is this cumulative function that makes learning a particular language difficult for language learners. Especially in a multilingual space, this issue is becoming increasingly relevant. Taking into account the language space of the country, it is very important to form different competencies among language learners at different levels, plan and control their activities and implement them accordingly. Therefore, in our article, we will focus on the issue of deep study of such an important phenomenon.

That is, the article discusses the influence of the cumulative function of the language on the linguistic personality in the formation of not only communicative and linguistic competence but also cultural competence. It turned out that depending on the types of linguistic personality, competencies are distinguished. What relates to communicative competence is clear to everyone, and language competence is a purely linguistic level of language proficiency, which is understood as knowledge and command of the language grammatically and verbally.

Keywords: cultural competence, cumulative function, language personality, communication.

Кіріспе

Кез келген қоғамда тіл коммуникативтік, экспрессивтік, конструктивтік және кумулятивтік қызметтер атқарады. Бұлар – тілдің түрлі кезеңдеріндегі даму деңгейлеріне

тән және өзіндік жүйесінде өзгермейтін компоненттері болып табылатын негізгі қызметтері. Дегенмен осы мақалада қазіргі уақытта өзектілігі арта бастаған тілдің кумулятивтік қызметі ғана кеңінен қарастырылады. Себебі жаһандану үдерісінің қарқынды жүруі тілдің бұл қызметіне ерекше әсер етуде.

Жаһандану үдерісі жанданып жатқан кезеңде өзге ұлт өкілдері түгілі белгілі бір тіл иелмендерінің өз ана тілінде лексикалық білімнен бөлек мәдени аялық білім қорының әлсіреуі жиі көрініс таба бастады. Мұны қоғамның әр саласынан байқауға болады. Әрине, мұның қажеттілігі қаншалықты деген сұрақты қоятындар әрқашан да табылады, яғни, бастысы тілдік тұлғаға коммуникативтік, тілдік құзыреттілікті меңгерту жеткілікті дейтін прагматикалық көзқарастардың бар екені белгілі. Дегенмен бұл көзқарасты қолдаған, дәлелдеген, арнайы мақала ретінде жариялаған зерттеулер кездеспеді. Керісінше, қазіргі таңда көптілді кеңістік бұрынғымен салыстырғанда кеңейіп жатыр, сондықтан тілдік тұлғаның мәдени танымдық құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы көптілді меңгерген жастар арасында күннен күнге артып келеді. Мұндай құзыреттілікті қалыптастыруда этномәдени тілдік деректердің қодын ашу маңызды мәнге ие. Оның себебі – тіл арқылы ұлт болмысын анықтайтын мәселелердің мазмұны мен түйін-дәйектері ұлттың мәдени қодында астарланған. Ал мәдени қодты ашудың кілті – лингвомәдени таңбаға салынған ақпараттарды аша білу. Кез келген этномәдени атау белгілі бір зағты атап қана қоймай, ұлттың өзіне тән дүниетанымдық ерекшелігіне сай туындаған бұйымды дәйектейді. Сол сөздердің мазмұнында айшықталған халықтың басынан кешкен тарихы, бүкіл рухани және дүнияуи мәдени байлығы, болмысы, дүниетанымы мен әдет-ғұрпы, салт-санасы, т.б. ұлттық ұжымда, сол тілде сөйлеуші ортада қалыптасып, тілінде сақталады (Ж.Манкеева, 2018). Осыған орай, мақалада қазіргі көптілді меңгерген тілдік тұлғалар (немесе тіл иелмендері деп нақтылап айтсақ) мен тіл үйренушілердің мәдени құзыреттіліктерін қалыптастыру үдерісіндегі тілдің кумулятивтік қызметі, оның лингвистикалық тұлғаға әсері талданады.

Материал және әдістер

Мақалаға талдау материалы ретінде этномәдени ақпарат бере алатын тілдік бірліктер алынды және оларға анализ жасалуы үшін сипаттау, салыстыру әдістері пайдаланылды.

Ақиқат дүниенің санадағы бейнесі индивидтің, тілдік ұжымның, мәдени қоғамдастықтың өмір тәжірибесімен, мәдениетімен тікелей байланысты. Ақиқат дүниенің кейбір фрагменті санада көбірек орын тебуі мүмкін, қайсыбір фрагменті санадан азырақ орын алуы мүмкін. Ол тілдік ұжымның өмір тәжірибесіне, күнкөрісімен, тіршілігімен тығыз байланысты. Бұл – дүниенің мәдени бейнесі. Яғни, ақиқатта бар нәрсенің өзі сол тіл тұтынушылары үшін маңыздылығына қарай көптеген атауларға ие болуы мүмкін. Мысалы: қар бір ғана нәрсе, бір ғана зағ, ал оның қазақ тілінде *қасат қар*, *күртік қар*, *омбы қар*, *ақша қар*, *көкше қар*, *көбік қар*, *наурыздың ақша қары*, т.б. атаулары кездеседі. Бұл ақиқаттың «түпнұсқаға» жақындай түскенін байқатады (Н.Уәли, 2007). Алайда барлық жағдайда ақиқаттағы түпнұсқамен тілдік білім (семантика) үнемі тең түсіп жатпайды. Мысалы, ағылшын тілінде қардың *powdery snow*, *spring snow* деген екі атауы бар екен және бұл сөздерді басқалардан гөрі шаңғышылар көбірек қолданады екен. Бұл ағылшындардың тұрмысында қардың соншалықты маңызды емес екенін байқатады (Лайониз Дж., 2004). Сол сияқты қазақ тілінде «су» бір ғана сөз болса, жапон тілінде суды екі сөзбен беруі, бөлме температурасына сәйкес болса – «мидзу», ал ыстық

суды – «ю» деп атауын аралда өмір сүретін ел үшін судың маңыздылығы жоғары болуымен түсіндіруге болады. Осы мысалдар тілдік құзыреттілік пен мәдени танымдық құзыреттіліктің тіл үйрену үдерісіндегі орнын көрсету үшін алынды. Мәселен, қазақ тілін үйренушінің тілдік құзыреттілігіне *қар* сөзінің лексикалық мағынасын, оның кейбір тілде тікелей аудармасы бар түрлерінің (мысалы, көбік қар – *powdery snow*, наурыздың ақша қары – *spring snow*) лексикалық мағынасын меңгеру, оны сөйлемде түрлендіріп қолдана білу сияқты білімдер жиынтығы қамтыса, ал *қар* сөзінің халқымыздың тұрмыс тіршілігіндегі маңыздылығына байланысты қалыптасқан басқа да атауларын түсіну үшін тілдік білімнен тыс экстралингвистикалық факторларды да білуіне тура келеді. Әрине, бұл тілді меңгерудің жоғары деңгейінде іске асырылатын әрекеттер. Яғни, осындай тілдік бірліктің лексикалық, мәдени аясын осы тілде сөйлейтін халық қандай географиялық ортада өмір сүретінін, дәстүрлері, ғұрыптары, бір сөзбен айтқанда, мәдениеті соған сай қалыптасатынын т.б. осы сияқты экстралингвистикалық факторлар арқылы түсіне алады. Сонда неге бір тілде кейбір лексикалық тақырыптарға сөздер көп, ал кей тілдерде аз деген сұраққа жауап алынады. Айталық, көшпелі өмір сүрген халық үшін, мал шаруашылығымен айналысқан этнос үшін ауа райын біліп отыру, қар түскеннен кейінгі кезеңдердегі оның түрлі сипатын анығырақ білудің маңызды мәнге ие болғанын түсіну арқылы мұндай сөздердің халық тіліндегі этномәдени сипатын түсіндіруге болады. Және бұл тіл үйренушінің үйреніп жатқан тілде мәдени танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға көмектеседі.

Бүгінде көптілді ортаның географиясы кенейіп, тек өз ана тілінде ғана сөйлейтін, басқаша айтқанда, бір ғана тілде сөйлеушілер саны азаюда. Бұл үрдіс қазіргі күнде тек қана бір тілді шет тілі ретінде үйренушілерде емес, тіл иелменінің де әсіресе, жастайынан бірнеше тілді қолданушылардың өз ана тілінде кей ұғымдарды дұрыс түсінбеуіне немесе адресант пен адресат арасында дискурстың болмауына әкелуде. Оған халықтың әлеуметтік өміріндегі өзгерістердің орын алуы, сонымен бірге белгілі бір сөздердің мәдени коннотацияларының жойылуы немесе тілді қолданушылардың тілдік таңбалар астарында жатқан мәдени ақпаратты түсінетіндей мәдени аясының болмауы сияқты факторлар себеп болып отыр. Бұл құбылыс, жоғарыда келтірілгендей, әсіресе, жас буын арасында жиі орын алуда. Мәселен, ауызша қарым-қатынаста күнделікті жиі кездесетін – тілек айтағын жағдаяттар көп болады. Қазақы түсінікте адамның қызметі, атақ-дәрежесінен гөрі жасын сыйлау, жасына қарай жол беру жағы мықтап ескеріледі. Үлкендердің байырғы кезде *кәрілікке жеткізсін, ақ сақалды, сары тісті бол* дейтіні сол этикалық норманы айқын аңғартады (Н.Уәли, 2007). Ал бүгінгі қазақ қоғамында, әсіресе, мерейтойларда «қартаймаңыз» деген тілекті айту жиі көрініс беруде. Әрине, бұл жерде тілек айтушының ойы – жасыңыз ұлғайса да, әдемі болып (физиологиялық жақтан) жүріңіз дегенді меңзеп тұрғаны анық. Дегенмен бұл – қазақтың тілек айту дәстүріне жат нәрсе. Сондықтан қазақы ортада тілек айтқан кезде ұзақ ғұмыр тілесеніз, «жасыңыз ұзақ болсын», «ақ басты, ақ сақалды, сары тісті әже болыңыз!» деген тілек жақсы қабылданады. Бұл деген «жасыңызға жас қосылған сайын айналаңызда сізді қадірлейтін, құрметтейтін туыстарыңыз, немере-шөберелеріңіз көп болсын!» дегенді аңғартады. Қазақы танымда адам перзенттерімен, ұрпағымен сыйлы болса, батыс елдерінде адамның сый-құрметке ие болу критерийлері мүлде басқаша. Тілдің осындай ұғымдар туралы халықтың бүкіл тәжірибесін бойына жинақтаушы, оны ары қарай ұрпақтан ұрпаққа жалғастырушы, яғни, кумулятивтік қызметі осы арада көрінеді және оның қазіргі қоғамдағы өзектілігін байқатады. Яғни, бұл жерде тіл

тек коммуникативтік қызмет атқарумен шектеліп тұрған жоқ. Коммуникацияға түсу барысында адресат пен адресанттың мәдени аялық білімі оларға тілек айту дәстүрі туралы дұрыс қолданысқа бастап тұр. Олай болса, тілдің кумулятивтік қызметі іске асты дей аламыз. Сонда бұл мысал арқылы тілдің негізгі коммуникативтік қызметі мен кумулятивтік қызметінің байланысын көруге болады.

Тілдің негізгі қызметі – қарым-қатынас жасауға қызмет ету. Ол ауызша формада да, жазбаша формада осы мақсатқа жұмыс істейді. Тілдік қарым-қатынас теориясы коммуникацияның тек қана ақпарат берумен шектелмей, коммуниканттардың бір-бірімен ақпарат алмасуына да негізделеді. Қарым-қатынас үдерісінде сөйлеуші мен тыңдаушы рөлдері ауысып отырады. Яғни, сөйлеуші тыңдаушыны түсінеді, тыңдаушы сөйлеушіні түсініп, коммуникациялық шеңбер құрайды. Бірақ кейде осы шеңберді құруда бір ақаулар кетуі мүмкін. Оның себебі неде? Себебі кейде тілдің коммуникативтік қызметін басты орынға қойғандықтан қарым-қатынастағы коммуникациялық шеңбердің толық құрылуын қамтамасыз ететін, әңгімелесушілердің бір-бірін толық түсінуінде маңызды рөлі бар тілдің кумулятивтік қызметі ескерілмей қалады. Жоғарыда айтылғандай халықтың ғасырлар бойы ұстанған тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімі т.б. тілде сақталады және ол тілдің кумулятивтік қызметін құрайды. Мысалы, қазақ тілінде әдемі шаштың эталоны – *қолаң шаш*. *Қолаң* – «ағаш» сабы бар, аттың қылынан тығыз түптеліп жасалған масадан, шыбыннан қорғанатын құрал. Қолаңның тығыз болып, есіліп тұратын сапасы қалың әрі жібектей сусып тұратын шаштың бейнесіне негіз болған. Бұлар дүниенің көркем образды түрде тілдік санада орныққан сипаттары болып саналады. Сонда, мәселен, сөйлеуші «Қолаң шашты қызды көрдім» деп ақпаратты тыңдаушыға жеткізсе, тыңдаушының мәдени аялық білімі болса, «қою, қалың қара шашты қызды» көз алдына елестеді. Немесе осы мысалды тағы да былай талдап көрсетуге болады: қазақ тілінде тілдік құзыреттілікті игерген тілдік тұлға «Қалың шашты қызды көрдім» деп айтса, мәденитанымдық құзыреттілікті меңгерген тілдік тұлға көргенін бірнеше лексика – грамматикалық тұлғада жеткізе алады. Мәселен, «Қолаң шашты қызды көрдім», «Қалың, қою қара шашты қызды көрдім» деп те ойын жеткізе алады немесе осылай жеткізілген ақпаратты қабылдай алады. Сөйлеу актісіне қатысатын сөйлеуші мен тыңдаушы өзге ұлт не өзге мәдениет өкілі болса, осы ұғымдарды түсінуінде коммуникациялық шеңбердің дұрыс құрылмауы әбден мүмкін. Тағы да тереңірек түсіну үшін орыстың «*надежда умирает последней*» деген фразеологизмін алайық. Бұл сөз «бір нәрседен үміт үзбеу» деген мағынада қолданылады. Тура осы мағына қазақ тілінде «күдер үзбеу, үмітінді үзбеу» дегеннен басқа «*үмітсіз шайтан*» деген фразеологизммен беріледі. Сонда бір жағдайды сипаттауда екі халық өкілі неге осылай бейнелейтінін экстралингвистикалық факторлар арқылы түсіндіруге болады. Ол үшін *шайтан* деген сөздің қайдан шыққанын, не мағына беретінін, оның адамнан ерекшелігі неде, оған не тән деген сияқты діни сеніммен қатысты түсініктердің мәнін ашуымыз керек. Нәтижесінде қазақтардың неге «үмітсіз шайтан» деп сөйлейтіні анықталады.

Адамдар бір тілде сөйлесе де, әрқашан бір-бірін дұрыс түсіне бермейді. Оның себебі – мәдениеттер ерекшелігінде (Е.М.Верещагин, В.Г.Костомаров, 2005). Осыған орай, әр тіл – өз бойында ұлт тарихын, тіл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе ретінде зерттеу нысанына айналды. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол – жай таңбалық жүйе емес, мәдениет. Сондықтан оны зерттеуде дәстүрлі

құрылымдық лингвистиканың мүмкіншілігі шектеулі. Себебі бұл арада тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, ол (тіл) – этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа жалғастырушы, сайып келгенде бір бүтін етіп тұтастырушы (В.В.Воробьев, 1997) кумулятивтік қызметті атқарады.

Әдебиетке шолу

Адамзат тарихында болған қаншама ақпарат тілдік форма түрінде сақталған. Басқаша айтқанда, бұл ақпараттың кез келгенін замандастары да, ұрпақтары да қолдана және қабылдай алады. Оның көмегімен адамзат ұрпақтар эстафетасы бойынша ақпаратты жинақтап, келесі ұрпағына жеткізе алады. Тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын кумулятивтік функциясы (Ә.Қайдар, 2014) бүгінде тілді оқыту әдістемесі, әлеуметтік лингвистика салаларының зерттеу нысанына айналып отыр. Атап айтсақ, ағылшын тілін оқыту әдістемесіндегі зерттеу жұмыстары (Garacova Almira, 2014) көпмәдениетті қауымдастықтарда әлеуметтен алатын және үйренген білімін қолдана алатын лингвистикалық сауатты мамандарды дайындауда тілдің кумулятивтік қызметін маңызды компонент ретінде қарастырады. Сонымен қатар мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілікті қалыптастырудың кешенді екендігін дәлелдеген ғылыми мақалалар (Tazheva Z., Sycheva I., Artyukhova N. 2021) нәтижесі тілдің кумулятивтік қызметінің мүмкіндіктерін әлі де зерттеу қажеттігін көрсетеді.

Осы ретте тілдің атқаратын түрлі қызметтерін қарастырған еңбектерді де атап өтуге болады. Олардың қатарын танымал лингвист Р.Якобсонның еңбегімен бастауға болады. Ол тілдің қоғамдағы экспрессивті, конативті, поэтикалық, реферативті, фатикалық қызметі деген түрлерін көрсетеді (Р.Якобсон, 1985). Ал поляк ғалымы А.Киклевич тілдің қызметтерін анықтау үшін алдымен тілдің қоршаған ортамен байланысын зерделеу қажеттігін айтады (А.Киклевич, 2012). Соған орай, ол тілдің 12 түрлі қызметін анықтап көрсетеді. Яғни, тіл қандай қоғамдық ортада өмір сүріп жатса, соған орай түрлі қызметтер атқара алады деген қорытындыға келеді.

Отандық зерттеулерде тілдің кумулятивтік қызметін жеке қарастырған және оған анықтама берген ғалым академик Әбдуәли Қайдар: «Тілдің халық өмірінде атқаратын қызметі көп-ақ. Солардың бірегейі – ұрпақ пен ұрпақ арасын жалғастыратын, өткен өмір мен бүгінгі болмысымызды, онымен болашақты ұластыратын «алтын көпір» бейнелі қызметі: Халық даналығының ұйытқысы – тілдің бұл қызметін ғылымда «кумулятивтік функциясы» деп атайды» дейді (Ә.Қайдар, 2014). Сонымен қатар профессор Жамал Манкеева «Тәуелсіз Қазақстан: қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметі» атты мақаласында қазақ тілінің қоғамдағы түрлі қызметтерін жақсы талдап береді. Соның ішінде қазақ тілінің кумулятивтік қызметі туралы да кеңінен тоқталады (Ж.Манкеева, 2011).

Бүгінгі таңда білім берудегі «құзыреттілікке» деген көзқарас маңызды бағыттардың бірі екені анық. Соның ішінде тілдік әртүрлі негізгі құзыреттіліктер (лингвистикалық, әлеуметтік, мәдени және коммуникативті) әрбір адам үшін өте маңызды. Жылдам өзгеріп жатқан заманауи әлемге жас маманның сәтті бейімделуінде бұлардың атқаратын өзіндік рөлі әлі де көптеген зерттеулерге арқау болатыны анық.

Нәтижелер және талқылау

Бұл бөлімде оқылған әдебиеттерден, талданған материалдан алынған мынадай

нәтижелер талқыланады: тілдік тұлғаның типтері, тілдік құзыреттілік пен мәдени-танымдық құзыреттіліктің айырмасы, тілдің кумулятивтік қызметінің лингвистикалық тұлғаға әсері.

Алдымен тілдік тұлға типтерін анықтап алудың маңызы зор. Өйткені зерттеу нысанына алынған мәдени-танымдық құзыреттілік қай тілдік тұлға бойында болуы керек екенін нақтылап алу қажет. Бұл құзыреттілікті «тіл иелменімен» бірге «тіл үйренуші» де тілдік құзыреттілікпен бірге игере алады. Осы жерде «тіл иелмені» онсыз да мәдениет өкілі ретінде бұл құзыреттілікке ие емес пе деген сұрақ туындайды. Сондықтан алдымен қазіргі уақытта «тіл иелмені» дегеніміз кім деген сұраққа шетелдік зерттеулерге сүйене отырып, жауап беріледі. Claire Kramsch пен Anne Whiteside деген америкалық ғалымдар (2007) мақаласында тілдік тұлғаны «native speaker» (тіл иелмені) және «non native speaker» (тіл иелмені емес) деген екі санатқа бөліп қарастырады және олардың тілді меңгерудегі негізгі концептілер бола алатындығын дәлелдейді. Сонда «тіл иелмені» санатына жағатын тілдік тұлға тек өз ана тілінде ғана сөйлеуі қажет. Тіл иелмені өз ана тілінен басқа тілді өте жақсы деңгейде меңгерсе, ол бұл санаттан шығады, яғни толық «тіл иелмені» бола алмайды деген тұжырымды алға тартады. Себебі үйренген, меңгерген тілі оның ана тіліне түрлі деңгейде әсер ете алатыны айтылады. Сонымен қатар ресейлік зерттеуші И.А.Стерниннің «К теории речевых культур носителя языка» атты еңбегінде (И.А.Стернин, 2009) сөйлеу мәдениетіне қарай тіл иелмендерін бірнеше типтерге бөліп көрсетеді және әр типтің ерекшеліктерін, мүмкіндіктерін мысалдармен өте жақсы түсіндіреді.

Отандық ғалымдар ішінде танымал ғалым Н.Уәли зерттеу жұмысында қазақша сөйлейтін тілдік тұлға типтерін төртке бөліп көрсетеді. Олар:

1) әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынатын тип, бұлар – элитарлық тілдік тұлғалар;

2) әдеби тілдің ауызша, жазбаша нормаларын сақтай білетін, ара-тұра кодификацияланған нормадан қате жіберетін орташа әдеби тип;

3) негізінен әдеби сөйлеу тілін қолданатын, арасында қарапайым сөйлеу тіліне тән элементтерді қосып сөйлейтіндер орташа типтен кейінгі орында;

4) қарапайым сөйлеу тілін қолданатын коммуниканттар (Н.Уәли, 2007).

Осы классификацияны бере отырып, екінші типтің біздің қоғамда саны жағынан көп екенін атап өтеді. Сонымен қатар автор осында тілдік тұлғаның ұлтына қатысты ақпараттар бермегенін ескеру керек. Өйткені автордың бұл мақаладағы негізгі мақсаты тілдік тұлғаны «сөз мәдениеті теориясы» тұрғысынан қарастыру болған. Осы мәселені зерттеуде тілдік тұлғалардың ұлты туралы да ақпаратты қоса қарастыру тағы да анығырақ көріністі беруі мүмкін. Себебі «тіл иелмені» деген түсініктің өзі әрбір елдегі тілдік жағдаятқа, тілдік саясатқа байланысты түрліше түсініктерге ие. «Тіл иелменінің» белгілері қандай десек, бір елде ұлты кіреді, бір елде ол кірмейді, тағы бір елде бала кезінде сөйлеген тілі негізгі белгілердің бірі бола алады. Сондықтан бұл өз алдына жеке мәселе деп тұжырымдауға болады.

Тілдік тұлғаның типтеріне қарай құзыреттіліктері ажыратылатыны белгілі болды. Коммуникативтік құзыреттілікке не жататыны баршаға түсінікті нәрсе, ал тілдік құзыреттілік – тілді грамматикалық және сөздік жағынан білу мен меңгеру деп ұғынылатын тіл меңгерудің таза лингвистикалық деңгейі. Бұл Н.Хомскийдің адамның тілдік қабілеті мен сөйлеу әрекетін түсіндіруге ұсынған термині. Мұнда ол тіл меңгерудің таза тілдік жағын ғана есепке алды да, ондағы әлеуметтік, жағдаяттық және басқа факторларды

қарастырмайды (А.Абасилов, 2016). Тілдік құзыреттілік тілдің барлық бірлігін – фонетикалық, сөзжасамдық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік деңгейлерін қамтиды. Сөйлеушінің таза лингвистикалық құзыреттілігіне Ю.Д.Апресян мыналарды жатқызады: берілетін ойды әртүрлі тәсілмен айта алу; айтылғаннан ойды ұғына алу; тілдік тұрғыдан дұрыс айтылған мен бұрыс айтылғанды айыра алу. Мысалы, тілдік құзіреттілік саласына омонимдерді тани алу, өзгертіп қайта айта алу қабілеттілігі т.б. жатады (А.Абасилов, 2016). Ал мәдениеттанымдық құзіреттіліктің айырмашылығы неде? *Мәдениеттанымдық* деген сөз бұл мақалада шартты түрде алынып отыр. Көптеген әдебиеттерде «әлеуметтік-мәдени» және «мәдениетаралық» деген терминдер жиі қолданылады. Бірақ бұлар тек «тіл үйрену» үдерісіне, өзге бір тілді меңгеруге қатысты қолданыстар. Бұл мақалада тек тіл үйренуші емес, тіл иелендірінің де мәселесі сөз болғандықтан мәдениеттанымдық құзыреттілік термині пайдаланылды. Сонымен әлеуметтік-мәдени немесе мәдениетаралық құзыреттілік шетелдік тілді меңгеру үдерісіндегі бір компонент болса, мәдениеттанымдық құзыреттілік жаһандану кезеңіндегі тіл иелендерінің бойында кездесіп жатқан проблема деуге болады.

Мәдениеттанымдық құзыреттілік әлеуметтік-мәдени, тарихи-мәдени, этномәдени компоненттерінен тұрады және мәдениет иелерімен өзара түсіністікке жету үшін оларды қолдана алу шеберлігін қамтиды. Ол үшін тілді тек қарым-қатынас құралы деп емес, белгілі бір ұлттың мәдени коды деп қабылдау, түсіну керек. Тілдің жәрдемсіз мәдениетті толық оқып-игеру, байыптау мүмкін емес. Тіл арқылы ұлттың қазіргі кездегі менталитетін, байырғы кездегі тілдік ұжымның дүниеге, қоғамға, өзіне деген көзқарасын, сана-сезімін айқындауға болады. Мұндайда әсіресе мақал, мәтел, фразеологизмдер, метафора, символ т.б. тілдік таңбаларға, олардың мазмұнындағы ақпараттарға сүйенеміз. Мысалы, қазақ тілінде *ақ түйенің қарны жарылды* деген фразеологизм бар. Бұл сөзде «мол қуанышқа кенелді» деген эталондық (өлшем, мөлшерлік) ақпарат бар. Түйе – «үлкен», «мол» дегеннің эталоны. *«Тыиы санан қалған»* десек, «саран» дегендегі *тыиы* ең аз мөлшердегі ақша – өлшемінің эталоны. Бұл ұғымдарды толық түсіну үшін тілдік тұлғада мәдениеттанымдық құзірет қалыптасуы қажет. Тілдік тұлға осы тіл иелерінің басынан өткізген түрлі тарихи кезеңдері, олардың негізінде пайда болған мәдениеті, қоныстанған өңірлерінің табиғи ерекшелігі т.б. осы сияқты тілдік емес факторлардан жалпы білімі болғанда ғана оларды толық шебер қолдану мүмкіндігіне ие болады. Сонда неге қазақтар «қатты қуануды» «ақ түйенің қарны жарылды» деп айтатынын, неге түйе, неге оның орнына «қой» не «ешкіні» алмағанын толық түсіне алатын деңгейге жетеді.

Профессор Н.Уәли белгілі бір тілдік таңбада екі түрлі мағына кодқа салынуы, соған сәйкес екі түрлі код болуы мүмкін екенін айтады. Біріншісі – тілдік код, екіншісі – мәдени код. Тілдік таңбалардың мәдени семантикасын зерттеуде осы екі түрлі мәнділікті ажырата білу қажет (Н.Уәли, 2007). Белгілі бір тілді тұтынушы – ұлттық тілдің субъектісі болумен қатар, ұлттық мәдениеттің де иесі. Тілдік субъектіге жататындар: жеке адам (автор, оқырман, сөйлеуші/тындаушы). Бір жағынан бұлар – тілдік тұлға, екінші жағынан – мәдени тұлға. Тілдік тұлға – ұлттық тілді тұтынушы ғана емес, ұлттық мәдениетті де тұтынушы. Олай болса, тілдік таңба мағынасының қай бөлігінде, қай тұсында мәдени мән болатынын айқындау қажет. Себебі сөйлеуші немесе тындаушының сөз стратегиясында мәдени мәнді сезіне алатынын/алмайтынын анықтаудың қарым-қатынас үшін мәні ерекше.

Сонымен, тілдік тұлға қай тілде сөйлесе не үйренсе, сол тілде таңбаланған ұлттық

материалдық және рухани мәдениеті туралы білімді меңгеру арқылы мәдениеттанымдық күзіретін қалыптастыра алады деуге болады. Қазақ тілінің ерекшеліктерін ескерсек, бұл күзіреттілікті тілдік тұлғаға меңгерудің маңыздылығы айқын көрінеді. Себебі қазақ тілінде негізінен заттық және рухани мәдениет атаулары, бейнелі сөздер мен экспрессивті-эмоционалды сөздер басым келеді және қазақ тіліне мағына ауыспалылығы мен көпмағыналылық тән (С.Бизақов, 2010). Осы аталған білімдер жүйесінің барлығы тілдік тұлғаға қарым-қатынас жасау үшін қажет. Тілдің ауызша не жазбаша формасында да игерген білімдеріміз тілдің коммуникативтік қызметі арқылы жарыққа шығады.

Коммуникативтік қызмет тілдің негізгі қызметі екенін ешқандай автор жоққа шығармайды. Бірақ тілдің бұл қызметінен басқа да түрлі қызметтері туралы сөз қозғалғанда ғалымдардың пікірлері әртүрлі екені әдебиеттерге шолу бөлімінде келтірілді. Тілдің қоғамдағы түрлі қызметтері жиналып, коммуникацияға түсуге қызмет ететіні белгілі. Мысалы, қазіргі қазақтар «ас иесімен тәтті» деген мақалды жиі қолданады. Бұл сөзді қонаққа барған адамдар үй иесіне қаратып айтады. Мақалдағы ойда тарихи ақпарат бар екені тіл тұтынушыға сезіледі, бірақ кез келгені оны анық біле бермейді. Енді неге қазақтар бұлай айтады деген сұраққа жауап беру үшін бұл сөздің бойындағы тарихи, мәдени ақпаратты анықтау қажет. Ә.Диваевтың (түрколог, Қазан университетінің археология және этнография қоғамының мүшесі) жорамалы бойынша, Қоқан хандығына қазақтан елші барғанда оларды өлтіру үшін алдына у себілген ас қойған. Шыдамсыздалары уланған астан алып, өліп кетеді де, қалғандары қашып құтылады. Осыдан кейін қазақ арасында Қоқан хандығына сенімсіздік туып, ел арасында осы сөз мақал боп тарапты (Құстанаев Х. Этнографические очерки, Ташкент, 1894). Бір мақал қаншама ғасырлар бойы әлі де қолданыста, тіпті, бұл қонақ шақырған үй иесінің қонақтармен бірге отыру керектігін көрсететін дәстүрге негіз болды деп айтуға болады. Көптеген сарапшылар тілдің әлеуметтік, мәдени, тарихи тәжірибені жинақтап беретін осындай қызметі бар екенін атап көрсетеді. Мұндай тәжірибені есепке алу бір мезгілде өмір сүретін адамдар ортасында да немесе ұрпақтан ұрпаққа сабақтастық арқылы да жүреді. Нақты бір халықтың тарихи тәжірибесімен жасалған, олардың өмір сүруі оның еңбек, әлеуметтік және мәдени өмірінің ерекшеліктеріне байланысты шындықты, абстрактілі ұғымдарды және т.б. бейнелейді және бекітеді. Бұл қызметі тіл құрылымының кез келген қолданылуының құрамдас бөлігі болып табылады. Ол тілдің қозғалысын, дамуын қамтамасыз ететін қызметтерінің бірі деуге болады. Әр тарихи кезеңнің ерекшелігіне қатысты сөздер тілде сақталады. Тілдің ақпарат жинақтаушы қызметі адамға ақпаратты жинақтап, оны тек қарым-қатынас сәтінде ғана емес, басқа уақыттарға да жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл қызметті жүзеге асыру үшін уақыт факторы маңызды, ол уақыттың өтуімен бірге жүзеге асырылады. Басқаша айтқанда, тілдің кумулятивтік қызметі адамға тарихи көзқарасты қамтамасыз етеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда білім берудегі «күзіреттілікке» деген көзқарас маңызды бағыттардың бірі екені анықталды. Соның ішінде тілдік әртүрлі негізгі күзіреттіліктер (лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени және коммуникативтік, мәдени-танымдық) әрбір тілдік тұлға үшін өзекті. Жылдам өзгеріп жатқан заманауи әлемге, көптілді кеңістікке жастардың жақсы бейімделуінде бұлардың әрқайсысының атқаратын өзіндік рөлі бар деуге болады. Сонымен қатар бүгінде тілдік тұлға типтерін

анықтауда әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер жүргізудің қажеттілігі анықталды. Мұндай ізденістер нәтижесінде еліміздегі тілдік жағдаяттың бейнесін көрсететін деректермен толықтыру арқылы бұрын өзекті болмаған, бірақ қазір қолданыс жиілігі де өзектілігі де артқан «тіл иелмені» деген ұғымның белгілерін анықтауға болады. Сонымен бірге әрбір тілдік тұлға типіне тән белгілерді анықтау олардың әрқайсысына тиісті құзыреттіліктерді де жүйелеуге көмегі тиеді деп санаймыз.

Тілдік құзыреттілік тілдің барлық бірлігін – фонетикалық, сөзжасамдық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік деңгейлерін қамтып, сөйлеушінің ойды әртүрлі тәсілмен айта алуы, айтылғаннан ойды ұғына алуы, тілдік тұрғыдан дұрыс айтылған мен бұрыс айтылғанды айыра алуы сияқты белгілерді жатқызсақ, мәденитанымдық құзыреттіліктің компоненттеріне әлеуметтік-мәдени, тарихи-мәдени, этномәдени білімдер жүйесін енгіземіз. Және осыларды түрлендіріп қолдана алу шеберлігін қосамыз.

Тілдің түрлі қызметтері жиналып, қарым-қатынас құруға қызмет етеді. Тілдің кумулятивтік қызметі коммуникативтік қызметінің құрамына кіреді. Коммуникация кезінде қолданылатын тарихи, этномәдени сөздердің барлығы тілдің кумулятивтік қызметі арқасында қарым-қатынастың сәтті өтуіне қызмет етеді.

Бүгінде аға буынның айтқан ойларын толық түсініп, сөзді мәдени астарымен толық қабылдай алмайтын, көптілді меңгерген жас буын өкілдері өз ана тілінде мәденитанымдық құзыреттілікті «тіл иелмені» ретінде меңгерген деп айтуға болмайды. Сондықтан да бұны мәселе деп қарайтын болсақ, оны шешудің де жолдары іздестірілуі қажет.

Мәденитанымдық құзыреттілікті қалыптастыруда тілдің кумулятивтік қызметі үлкен орынды иеленеді деп тұжырымдап, алдағы уақытта қарастыру үшін мыналар ұсынылады:

- болашақта тілдің кумулятивтік қызметі әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика, прагматика, т.б. салаларының зерттеу нысаны ретінде әлі де терең зерттеулер жүргізу;
- осы ғылым салаларында зерттелген теорияларды тілді оқыту үдерісінде қолдану;
- жоғары оқу орындарында жаңа курстар ұсыну;
- тіл оқыту бағдарламаларында игерілетін құзыреттіліктерді анық көрсету.

Алғыс айту

Осы зерттеуді жүргізуге мүмкіндік берген Назарбаев Университетіне алғыс білдіреміз.

Жоба демеушісі туралы сілтеме: 021220FD4351

Назарбаев Университеті Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебі, Қазақ тілі және түркітану кафедрасы, Қабанбай батыр даңғылы, 53, Нұр-Сұлтан, 010000, Қазақстан

Әдебиеттер

- Абасилов А. (2016) Әлеуметтік лингвистика. – А., 2016. – 248 б.
- Бизақов С. (2010) «Қазақ тілі қандай тіл». – Алматы, 2010. – 429 б.
- Воробьев В.В. (1997) Лингвокультурология (теория и методы). Москва, РУДН, 1997. – 331 с.
- Верещагин Е.М., Костомаров И.Г. (2005) Язык и культура, 2005. – 1040 с.
- Garaeva A. (2014) The development of linguocultural competence of students in teaching the history of the English language// Procedia - Social and Behavioral Sciences 152 (2014) 1012 – 1018.
- Tazheva Z., Sycheva I., Artyukhova N. (2021) Formation of cross-cultural communicative

competence among foreign students during pre-university training. Mar. 2021, Vol. 9, SPE(2), Professional competencies for international university education e-ISSN 2310-4635

Claire Kramersch, Anne Whiteside (2007) Three Fundamental Concepts in Second Language Acquisition and Their Relevance in Multilingual Contexts // the Modern Language Journal, Vol.91, Focus Issue: Second Language Acquisition Reconceptualized? The Impact of Firth and Wagner. 2007, pp.907-922.

Киклевич А. (2009) Двенадцать функций языка // Журнал «Мир русского слова», №3, 2009. 5-14 с.с.

Қайдар Ә. (2014) Ғылымдағы ғұмыр. – Алматы, 2014 – 520 б.

Лайониз Дж. (2004) Язык и лингвистика. Вводный курс. – М., 2004. – 320 с.

Манкеева Ж. (2011) Тәуелсіз Қазақстан: қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметі. – Алматы, 2011. – 120 б.

Манкеева Ж. (2018) Тіл арқылы этномәдени кодтарды ашу // Егемен Қазақстан, 24 қыркүйек, 2018

Потебня А.А. (1989) Слова и миф. – Москва: Правда, 1989. – 280 с.

Тер-Минасова С. (2018) Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Астана, Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320 б.

Уәли Н. (2007) «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» // Ф.ғ.д. дисс. қолжазбасы. – Алматы. 2007.

Якобсон Р. (1985) Избранные работы. – Москва, 1985 – 460 с.

Қазақ тілін оқытуға арналған типтік бағдарлама (2012) – Астана, 2012.

Стернин И.А. (2009) К теории речевых культур, – М., 2009. – 120 с.

Воробьев, Г. А. (2003) Развитие социокультурной компетенции будущих учителей иностранного языка [Текст] / Г. А. Воробьев // Иностранные языки в школе. – 2003, № 2.

Құстанаев Х. (1894) Этнографические очерки. – Ташкент, 1894. – 52 с.

References

Abasilov A. (2016) Aleumettik lingvistika. – A., 2016. – 248 b. [Abasilov A. (2016) Sociolinguistics. Almaty, 2016 – 248 p.] (in Kazakh)

Bizakov S. (2010) «Qazaq tili qandaj til». – Almaty, 2010. – 429 b. [Bizakov S. (2010) «What is the Kazakh language?». Almaty, 2010. – 429 p.] (in Kazakh)

Claire Kramersch, Anne Whiteside (2007) Three Fundamental Concepts in Second Language Acquisition and Their Relevance in Multilingual Contexts // the Modern Language Journal, Vol.91, Focus Issue: Second Language Acquisition Reconceptualized? The Impact of Firth and Wagner. 2007, pp.907-922. (in English)

Garaeva A. (2018) The development of linguocultural competence of students in teaching the history of the English language// Procedia - Social and Behavioral Sciences 152 (2014) 1012 – 1018 pp. (in English)

Jakobson R. (1985) Izbrannye raboty. – Moskva, 1985 – 460 s. [Jakobson, R. (1985) Featured Works. Moscow, 1985. – 460 p.] (in Russian)

Qajdar A. (2014) Gylymdagy gumyr. – Almaty, 2014 – 520 b. [Kaidar A. (2014) Life in science. Almaty, 2014] (in Kazakh)

Kiklevich A. (2009) Dvenadcat' funkcij jazyka // Zhurnal «Mir russkogo slova», №3, 2009. 5-14 s.s. [Kiklevich A. (2009) Twelve functions of the language // Journal «World of the Russian words». №3, 2009. 5-14 p.p.] (in Russian)

Kustanayev X. (1894) Etnograficheskiye ocherki. Tashkent, 1894. – 52 p. [Kustanayev H.

- (1894) Ethnographic essays. – Tashkent, 1894. – 52 p.] (in Russian)
- Lajoiz Dzh. (2004) Jazyk i lingvistika. Vvodnyj kurs. – M., 2004. – 320 s. [Lajoise J. (2004) Language and Linguistics. Moscow, 2004. – 320 p.] (in Russian)
- Mankeeva Zh. (2011) Tauelsiz Qazaqstan: qazaq tilining qogamdyq-aleumettik qyzmeti. – A., 2011. [Mankeeva zh. (2018) disclosure of ethno-cultural codes through language // Egemen Kazakhstan, September 24, 2018] (in Kazakh)
- Potebnja A.A. (1989) Slova i mif. – Moskva: Pravda, 1989. – 280 s. [Potebnja A.A. (1989) Words and myth. – Moscow: Pravda, 1989. – 280 p.] (in Russian)
- Qazaq tilin oqytuga amalghan tiptik bagdarlama (2012) – Astana, 2012. [Standard program for teaching the Kazakh language (2012) - Astana, 2012] (in Kazakh)
- Sternin I.A. (2009) K teorii rechevih kultur, 2009. – 120 p. [I.A. Sternin (2009) On the theory of speech cultures, – M., 2009. – 120 p.] (in Russian)
- Tazheva Z., Sycheva I., Artyukhova N. (2021) Formation of cross-cultural communicative competence among foreign students during pre-university training. Mar. 2021, Vol. 9, SPE(2), Professional competencies for international university education e-ISSN 2310-4635 <http://dx.doi.org/10.20511/pyr2021.v9nSPE2.1024>. (in English)
- Ter-Minasova S. (2018) Til zhane madenietaralyq kommunikacija. – Astana, Ulttyq audarma bjurosy, 2018. – 320 b. [Ter-Minasova, Svetlana. Language and Intercultural Communication. Astana, 2018 – 320 p.] (in Kazakh)
- Uali N. (2007) «Qazaq soz madenietinin teorijalyq negizderi» // F.g.d. diss. qolzhabasy. – Almaty. 2007. [Uali N. (2007) Theoretical basis of Kazakh speech culture. 2007. Almaty, PhD dissertation] (in Kazakh)
- Vereshhagin E.M., Kostomarov I.G. (2005) Jazyk i kul'tura, 2005. – 1040 s. [Vereshchagin E., Kostomarov V. (2005) Language and Culture. Moscow, 2005. – 1040 p.] (in Russian)
- Vorobev G.A. (2003) Razvitiye sosiokulturnye kompetensii budushih uchitelei inostaranogo yazika// Inostaranniye yaziki v shkole. 2003, № 2. [Vorobyov, G. A. (2003) Development of socio-cultural competence of future foreign language teachers [Text] / G. A. Vorobyov // Foreign languages at school. – 2003, № 2.] (in Russian)
- Vorob'ev V.V. (1997) Lingvokul'turologija (teorija i metody). Moskva, RUDN, 1997.– 331 s. [Vorobyov V. (1997) Linguoculturology. Moscow, 1997. – 331 p.] (in Russian)